

Білім мекемесінде медициналық қызмет көрсету туралы келісім шарт

Ленгiр қ

01.09.2021ж

Жарғы кезінде әрекет ететін, ары қарай «Білім мекемесі» деп аталатын Жана- ұйым жалпы орта мектебі КММ директор Толегенов И.М атынан және жарғы негізінде әрекет жасайтын, ары қарай «Денсаулық сақтау мекемесі» деп аталатын ШЖҚ МКК Ленгер қалалық емханасы бас дәрігері Алимбаев Е.С атынан ал бірге тараптар деп аталатын екі мекеме төмендегі келісім-шартқа қол қойды

I. Келісім шарт тақырыбы

1.1 Осы келісім- шарт бойынша оқу тәрбие үрдісіне қолайлы жағдай жасау мақсатында, сонымен қатар, Білім мекемесіндегі оқушылар арасында аурудың азаюына және аурудың алдын алу мақсатында Денсаулық сақтау мекемесі міндетті медициналық сақтандыру келісім шартына сәйкес мамандарды медициналық көмек көрсетуге міндеттейді

1.2 Білім беру мекемесі жалпы көлемі 15,1 шаршы метр құрайтын, техникалық тұрғыдан қауіпсіз, жұмыс жасауға жарамды, құрылғылары мен мазмұны санитарлық нормаға сәйкес, өрт қауіпсіздігі талаптарына және мамандардың медициналық көмек көрсету ережелеріне сай жұмыс бөлмесімен қамтамасыз етуді өз міндетіне алады.

1.3 Денсаулық сақтау мекемелері бөлінген бөлмені мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтерге сай қажетті құрал-жабдықтармен, дәрі дәрмектермен, жараны тануға арналған материалдармен, балаларға қажет құралдармен қамтамасыз етуді өз міндетіне алады.

II Тараптардың міндеттері

2.1 Білім беру мекемесінің міндеттері:

-Білім беру мекемесі жалпы көлемі 15,1 шаршы метр құрайтын, техникалық тұрғыдан қауіпсіз, жұмыс жасауға жарамды, құрылғылары мен мазмұны санитарлық нормаға сәйкес, өрт қауіпсіздігі талаптарына және мамандардың медициналық көмек көрсету ережелеріне сай жұмыс бөлмесімен қамтамасыз етуге;

-Білім беру мекемесіндегі оқушылар тізімін беруге;

-оқушылардың дәрігерлік тексеру мен жоспар бойынша өткізілетін іс-шараларға (екпе алу, мақсатты профилактикалық тексеруден өткізу) келуін қамтамасыз етуге;

-ата-аналарға дәрігерлік тексеру нәтижелері мен профилактикалық екпелердің өту мерзімін хабарлауға;

-толық дәрігерлік көмек көрсету үшін қажетті жағдаймен қамтамасыз етуге;

-Денсаулық сақтау мекемесі мамандардың жұмыс бөлмесіне келісім шартта көрсетілген мерзімге интернет желісін қосып беруге

-жұмыс бөлмесінде уақтылы техникалық жөндеу жұмыстарын жүргізіп туруға;

-Денсаулық сақтау қызметкерлеріне өз міндеттеріне алған іс-шараларды өткізуге қолдау көрсетуге;

2.2 Денсаулық сақтау мекемесінің міндеттері:

-берілген жұмыс орнын мақсатқа сай дұрыс пайдалануға, медициналық құрал саймандарды қолдануда техникалық шарттарды орындауға, жұмыс бөлмесіндегі дәрі-дәрмек пен жара тануға арналған материалдарды мақсатқа сай дұрыс қолдануға;

-Білім мекемесіндегі оқушыларға осы келісім –шартта көрсетілген білікті медициналық көмек көрсетуге;

-Білім мекемелердің қызметкерлерін міндетті медициналық сақтандыру келісім шартқа сай медициналық қызметті жүзеге асыру

-профилактикалық екпелерді өткізу үшін білім мекемелерді қажетті препараттармен камтамасыз ету

-қабылданған міндеттерді тиімді өткізу үшін керекті шараларды жүзеге асыру

-откізілген жұмыстардың білім мекеменің басшысына өткізу.

III Тараптардың жауапкершілігі

3.1 Медициналық қызметінің шарттарын орындамағаны немесе немқұрайлы орындағаны үшін Білім мекемелеріде Денсаулық сақтау мекемелеріде бірдей жауапкершілікті

IV Келісім шарттың мерзімі

4.1 Келісім шарт 2021ж 01 қыркүйектен 2026 ж қыркүйекке дейін жарамды

4.2 30 кун калғанда Тараптар жағынан Келісім шарттың токтатылуы жарияланбасаонын жарамдығы бұрынғы шарттарымен мәлімсіз мерзімге ұзартылады

V Басқа шарттар

5.1 Тараптар арасында болатын келіспеушілік Заңмен белгіленген тәртіппен шешіледі

5.2 Шартқа кіргізілетін өзгерістермен қосымшалар жазба турде енгізіліп Тараптар жағынан кол қойылады

5.3 Шарт тараптар үшін заңды куші бар 2 экземплярда құрастырылған

5.4 Шартта көрсетілмеген мәселелер Тараптар Заңмен белгіленген тәртіппен шешеді.

VI екі тараптан қойылған қолдары

«Білім мекемесі»

Жаңа- ұйым жалпы орта мектебі КММ

Директор Төлегенов И М



«Денсаулық сақтау мекемесі»

ШЖҚ МКК ЛЖЕ

бас дәрігері Алимбаев Е.С

